

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 890 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 960 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу әрекетінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы N 1176 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 32-33, 399-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінде:

3-тармақтың бірінші абзацы "10-1" деген сандардан кейін "10-2" деген сандармен толықтырылсын;

22-тармақтың бірінші абзацы "10" деген сандардан кейін "10-2" деген сандармен толықтырылсын;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 10-2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 тамыздағы
N 890 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасындағы
қару мен оның патрондары
айналымының ережесіне
10-2-қосымша

Қазақстан Республикасының әуежайлары авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін қаруландыру үшін белгіленген қару мен оның патрондарының түрлері, үлгілері, модельдері, саны

1. Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметі қызметкерлерін қаруландыру нормасы:

Әуежайдың авиациялық қауіпсіздік | Қару түрі
қызметінің қызметкерлері |-----

| Пистолет|Ұзын ұңғылы
|(тапанша)|тегіс ұңғылы
| | мылтық

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің бастығы
(оның орынбасары) 1 -
Авиациялық қауіпсіздік қызметінің
қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы 1 -
Авиациялық қауіпсіздік қызметінің
қауіпсіздік бөлімшесі ауысымының
бастығы (оның орынбасарлары) 1 -
Авиациялық қауіпсіздік қызметінің
қауіпсіздік бөлімшесінің аға инспекторы 1 -
Бақылау-өткізу пунктіндегі
авиациялық қауіпсіздік қызметі
қауіпсіздік бөлімшесінің инспекторы постқа -
(кіші инспекторы) 1
Авиациялық қауіпсіздік қызметінің - постқа 1
қауіпсіздік бөлімшесі ауысымының (патруль)
инспекторы (кіші инспекторы)
Авиациялық қауіпсіздік қызметі
қауіпсіздік бөлімшесінің инспекторы
(кіші инспекторы) - қызметтік иттер
жетекшісі, патрульдік-із кесуші
иттің бастаушысы. 1

2. Қару-жарақтар нормасы мынадай есептен белгіленеді:

N | Қару атауы | патрондар саны (дана)
р/с| |-----
| | Ауысымға |Қару бір. |Бір жылғы шығын
| | қаруланған| лігіне |-----
| | қызметкер|азайтыл. |бір қыз.|бірлік
| | (пост, |майтын қор|меткерге|қаруға

| | патруль)| |практи. |келетін
| | |калық |атысты
| | |атуларға|тексеруге

1. ұзын ұңғылы тегіс

ұңғылы мылтық 15 патрон 60 10 8

2. Пистолет 16 патрон 32 12 8

(2 магазинде)

3. Тапанша 14 патрон 28 12 8

(қораптарда)

Ескертпе:

1. Қарудың атысын тексеруге арналған патрондарды басқа мақсаттарда шығындауға тыйым салынады.

2. Қарудың атысын тексеру қажеттілігін әуежай басшысының орынбасары немесе әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің бастығы жылына екі рет белгілейді.

3. Тегіс ұңғылы мылтыққа арналған патрондар N 7, 8 бытырамен оқталады.

4. Қарудың жалпы саны әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қауіпсіздік бөлімшесі ауысымы қызметкерлерінің бекітілген штат кестесі бойынша жалпы санынан аспауы керек, бұл ретте 10 бірлікке бір резервтегі қару ұстауға болады.

5. Әуежайда ұшуды орнитологиялық қамтамасыз ету үшін қосымша екі тегіс ұңғылы қару ұстауға рұқсат етіледі.